

FTAXP: 16.21.47

<https://orcid.org/0009-0004-8429-8808>

<https://orcid.org/0009-0006-2376-921X>

<https://orcid.org/0000-0002-0501-0422>

¹Байменова С.С.*, ¹Батырбекова К.А., ²Мустафа Уғурлу

¹докторант М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

¹докторант, М. Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

²филолог.ғ.д., профессор, Мугла Сытқы Кочман университеті. Мугла, Түркия

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚЫПШАҚ ӘСКЕРИ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Автор-корреспондент: saule.baimen78@gmail.com

Түйін: зерттеуде мәмлүк-қыпшақ дәуірінде жазылған ортағасырлық «Муниет ул-гузат» әскери трактатының тарихи-тілдік және мәдени маңызы қарастырылады. Түркі халықтарының ортағасырлық әскери тарихы мен тілдік мұрасын зерттеу қазіргі түркітануда өзекті ғылыми бағыттардың бірі. Осы тұрғыдан алғанда, мәмлүк-қыпшақ кезеңінде хатқа түскен жазба ескерткіштер тарихи-тілдік дереккөз ретінде айрықша мәнге ие.

Зерттеу барысында қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер қазақ тілінің тарихи-тілдік негізін айқындайтын маңызды дереккөз ретінде қарастырылады. Мәмлүк-қыпшақ дәуірінің әскери дайындығын сипаттайтын лексикалық бірліктер талданады. «Муниет ул-гузат» жазба ескерткішінде кездесетін әскери лексика қару-жарақ атаулары, әскери құрылым, тактикалық және рухани-әлеуметтік категориялар тұрғысынан жүйеленіп, олардың қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы көрсетіледі. Атты сарбаздардың жауынгерлік дайындығын көрсететін құрал-жабдықтарының қазіргі қазақ тіліндегі сабақтасытығы сипатталады. Ортағасырлық қолжазбалардың мазмұны мен тілдік табиғаты жөнінде бірқатар зерттеушілер өз көзқарастарын білдіріп, осы бағытта арнайы ғылыми еңбектері ұсынылады. Мақалада түркі халықтарының ортақ әскери мәдениеті мен тілдік дәстүрінің тарихи сабақтастығы айқындалады.

Кілт сөздер: мәмлүк қыпшақ тарихы, әскери терминология, «Муниет ул-гузат», тарихи жазба, қолжазба, мәдени мұра, жәдігер, жауынгерлік өнер

МНРТИ: 16.21.47

<https://orcid.org/0009-0004-8429-8808>

<https://orcid.org/0009-0006-2376-921X>

<https://ORCID:0000-0002-0501-0422>

¹Байменова С.С.*, ¹Батырбекова К.А., ²Мустафа Уғурлу

¹докторант ЮКИУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан

¹докторант ЮКИУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан

²д.филолог.н., профессор, Университет Мугла Сытқы Кочман. Мугла, Турция

ОТРАЖЕНИЕ СРЕДНЕВЕКОВОЙ КИПЧАКСКОЙ ВОЕННОЙ ЛЕКСИКИ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Автор-корреспондент: saule.baimen78@gmail.com

Аннотация: исследование рассматривает историко-языковое и культурное значение средневекового военного трактата «Муниет ул-гузат», написанного в мамлюкско-кипчакский период. Изучение средневековой военной истории и языкового наследия тюркских народов является одним из актуальных научных направлений в современной тюркологии. С этой точки зрения особое значение в качестве историко-языкового источника имеют письменные памятники, поступившие в письмо в мамлюкско-кипчакский период.

В ходе исследования письменные памятники на кипчакском языке рассматриваются как важный источник, определяющий историко-языковую основу казахского языка. Анализируются

лексические единицы, характеризующие военную подготовку мамлюкско-кипчакского периода. Военная лексика, встречающаяся в памятнике письменности «Муниет ул-гузат», систематизирована с точки зрения наименований вооружений, военной структуры, тактических и духовно-социальных категорий, демонстрируется их преемственность с современным казахским языком. Характеризуется преемственность в современном казахском языке оборудования, обеспечивающего боевую готовность всадник-воинов. Ряд исследователей высказывают свои взгляды на содержание и языковую природу отрапортованных рукописей и представляют в этом направлении специальные научные труды. В статье отмечается преемственность в современном казахском языке в терминологии, связанной с вооружением и оборудованием конных воинов, обеспечивающим их боевую готовность.

Ключевые слова: история мамлюкско-кипчакского периода, военная терминология, «Муниет ул-гузат», историческая справка, рукопись, культурное наследие, реликвия, воинское искусство

IRSTI: 16.21.47

<https://orcid.org/0009-0004-8429-8808>

<https://orcid.org/0009-0006-2376-921X>

<https://ORCID:0000-0002-0501-0422>

¹Baymenova S.S.*, ¹Batyrbekova K.A., ²Mustafa Uğurlu

¹Doctoral Student, M.Auezov SKRU, Shymkent, Kazakhstan

¹Doctoral Student, M.Auezov SKRU, Shymkent, Kazakhstan

²Professor, Doctor, Muğla Sıtkı Koçman University, Muğla, Turkey

THE REFLECTION OF MEDIEVAL KIPCHAK MILITARY LEXICON IN THE MODERN KAZAKH LANGUAGE

Corresponding Author: saule.baimen78@gmail.com

Abstract: The article examines the historical, linguistic, and cultural significance of the medieval military treatise «Munyat al-Ghuzat», written during the Mamluk-Kipchak period. The study of medieval military history and the linguistic heritage of the Turkic peoples remains one of the relevant research directions in modern Turkology. From this perspective, written monuments produced in the Mamluk-Kipchak period are of particular importance as historical and linguistic sources. In the course of the study, Kipchak-language written monuments are considered an important source for determining the historical and linguistic foundations of the Kazakh language. The lexical units reflecting the military training of the Mamluk-Kipchak period are analyzed. The military vocabulary found in «Munyat al-Ghuzat» is systematized in terms of weapon names, military organization, tactical concepts, and spiritual-social categories, and its continuity with the modern Kazakh language is demonstrated. The article also describes the preservation in modern Kazakh of terminology related to the equipment that ensured the combat readiness of mounted warriors. The views of a number of researchers on the content and linguistic nature of the manuscript are reviewed, and their contributions to the study of this written heritage are highlighted. The article emphasizes the continuity of modern Kazakh military terminology associated with the armament and equipment of mounted soldiers, which ensured their combat readiness.

Keywords: Mamluk-Kipchak history, military terminology, «Munyat al-Ghuzat», historical writing, manuscript, cultural heritage, relic, martial arts

Кіріспе

Ежелгі түркі және ортағасырлық жазба ескерткіштердегі әскери-техникалық лексиканы зерттеу мәселелері түркологияның негізгі бағыттарының бірі болып саналады. Әскери іске қатысты лексикалық қабат тек әскери-саяси тарихты ғана емес, сонымен қатар түркі халықтарының дүниетанымын, әлеуметтік-мәдени басымдықтарын және тілдік эволюциясын көрсетеді. Соңғы онжылдықтарда XIII–XIV ғасырлардағы қыпшақ жазба ескерткіштерінің терминологиясын талдауға деген қызығушылық айтарлықтай артты, себебі бұл материал қазіргі қыпшақ тілдеріндегі лексикалық сабақтастықты анықтауға

мүмкіндік береді. Осы мақала ортағасырлық жазба ескерткіштің әскери терминологиялық жүйесінің ерекшелігін айқындауға және оның қазіргі қыпшақ тілдеріндегі көрінісін анықтауға бағытталған. Мұндай тәсіл тарихи әскери мәдениеттің жекелеген элементтерін қайта құруға ғана емес, түркі тілдері жүйесіндегі лексиканың сақталу және трансформациялану механизмдерін нақтылауға да мүмкіндік береді. Әлемнің жетекші архивтері мен кітапханаларында сақталған көне түркі мұралары – соның ішінде қыпшақ дәуіріне тән трактаттар, лексикографиялық еңбектер, әскери сипаттағы жазбалар, сондай-ақ әдеби-діндік мәтіндер - соңғы онжылдықтарда ғылыми айналымға кең көлемде тартылып келеді. Бұл жазба деректер түркі халықтарының тарихи-мәдени эволюциясын, рухани әлемін және тілдік дамуының кезеңдік динамикасын қайта қалпына келтіруге мүмкіндік беретін аса құнды лингвомәдени материалдар ретінде бағаланады. Қыпшақ тіліндегі ортағасырлық мәтіндердің елеулі бір бөлігі Мысыр мен Сирия кеңістігіндегі мәмлүк дәуірінің жазба дәстүрімен сабақтасып жатыр. Аталған мұралар қазіргі қазақ тілі мен өзге де қыпшақ тобына жататын тілдердің лексикалық, морфологиялық және семантикалық қабаттарын тарихи түпнұсқалармен байланыстыра зерделеуге жол ашады. Әсіресе әскери терминология, әлеуметтік-саяси ұғымдар, шаруашылық-тұрмыстық атаулар секілді салалық лексикада көне тілдік элементтердің сақталуы мен олардың қазіргі қолданыстағы ізашарлық сипаты айқын көрініс табады. Ортағасырлық жазба ескерткіштерді кешенді түрде жинақтау, транскрипциялау, мәтінтанулық және салыстырмалы-тарихи тұрғыдан талдау түркі тілдерінің қалыптасу кезеңдерін нақтылауға, ішкі топтастырылу принциптерін айқындауға, сондай-ақ этномәдени ақпаратты реконструкциялауға мүмкіндік береді. Қыпшақ мұрасының ғылыми тұрғыдан жүйелі зерттелуі қазақ тіл біліміндегі тарихи лексикология, этимология, тарихи грамматика және лингвомәдениеттану мәселелерін тереңдете түсетін маңызды бағыт болып табылады. Тілші ғалымдардың пікірінше, әскери лексиканы зерттеу халықтың тарихи дамуымен тығыз байланыста қарастыруды талап етеді, өйткені қару-жарақ атаулары қоғамның өмір салты мен дүниетанымын айқын көрсетеді. Садақ пен жебе адамзаттың жауынгерлік мәдениетінде ең ерте қалыптасқан қарулардың бірі ретінде көрініс табады. Олардың жасалуына қатысты тәсілдер көптеген ұрпақтар бойы жетілдіріліп, шеберлік пен тәжірибенің жинақталуын талап етті. Археологиялық зерттеулер жебе ұштары алғашында тас материалдардан өндірілгенін, кейін металл өңдеу технологиясы дамығанда металл нұсқалары пайда болғанын көрсетеді. Ортағасырлық жазба жәдігерлерді талдау барысында әскери сөздер мен қару-жарақ атауларының кеңінен қолданылғаны байқалады. Аталған лексика сол дәуірдегі әскери іс, соғыс жүргізу тәсілдері мен жауынгерлік мәдениеттің тілдік бейнесін көрсетеді. Ортағасырлық мәтіндерде сақталған әскери атаулар халықтың тарихи тәжірибесін, әлеуметтік құрылымы мен дүниетанымын айқындауда маңызды дереккөз ретінде қарастырылады. Әскери сөздер мен қару-жарақ атауларының ортағасырлық жазба жәдігерлерде кеңінен кездесуі арнаулы лексиканың тарихи-мәдени маңызын айқындайды. Ортағасырлық қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштерді зерттеу ісінде шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері ерекше орын алады. Атап айтқанда, мәмлүк-қыпшақ жазба мұраларының тілдік, тарихи және мәдени қырларын қарастыруда Мустафа Уғурлы, Ф.Көпрүлү, А.Четин, О.Юрдагүл, Ф.Ә.Қаратай, Ф.Тойған, Т.Халси Кун, Д.Шарафудинов, Б.Якуб, Қ.Өзтопшы Мұхаммед, Х.Риттер, Я.Экман, Г.Дерфер, А. Зайончковский, И.О.Прицак, Мүжган Жумбур сияқты зерттеушілердің еңбектері нәтижесінде мәмлүк-қыпшақ мұралары тек тарихи дерек ретінде ғана емес, ортағасырлық түркі тілдерінің даму эволюциясын айқындайтын құнды тілдік материал ретінде қарастырыла бастады. Бұл ғалымдар мәмлүк-қыпшақ дәуірінде хатқа түскен жазба ескерткіштердің фонетикалық, морфологиялық, лексикалық және тарихи-этномәдени ерекшеліктерін кешенді түрде талдаған.

Сонымен қатар, отандық тіл білімінде ортағасырлық қыпшақ тілдік мұрасын жүйелі түрде зерттеген көрнекті түрколог-ғалымдар С.Аманжолов, Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов,

М.Томанов, Н.Сауранбаев, Ә.Қайдар, Ә.Нәжіп, Б.Сағындықұлы, С.Құдасов, М. Сабыр, С.Боранбаев, Ш.Әуелбекова, Р.Исламов еңбектерінде көне және ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерінің қазақ тілінің тарихи дамуы мен қалыптасуындағы орны жан-жақты айқындалған. Аталған зерттеулер қыпшақ тіліндегі әскери, әлеуметтік және мәдени лексиканың тарихи сабақтастығын анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында шетелдік және отандық түркітану ғылымында елеулі үлес қосқан ғалымдардың еңбектері ғылыми-теориялық негіз ретінде пайдаланылды. Атап айтқанда, мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері мен орта ғасырлық түркі мұраларын зерттеуге арналған М.Уғурлы, С.Боранбаев, Т.Байжанов, Қ.Сәки, А.Әлібекұлы, Ш.Әуелбекова сияқты ғалымдардың еңбектері зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін құрады.

Теориялық талдау

Материалдар мен әдістер

Мәмлүктер - ортағасырлық ислам әлемінің тарихында ерекше орын алатын әскери-саяси әлеуметтік топ. Олар негізінен түркі тектес, бір-біріне тең дәрежеде қарастырылған жауынгер ақсүйектерден құралған. «Мәмлүк» термині араб тілінде «иелік ету» мағынасын білдіретін малака етістігінен тарайды. Осы түбірден шыққан мүлік, мемлекет секілді сөздер қазақ тіліне де еніп, семантикалық тұрғыдан орныққан [1, 9]. XIII ғасырда Мысыр мен Шам аймағында билік құрған мәмлүк мемлекетінде қыпшақтар әскери элитаны құрап, мемлекеттік басқару мен әскери өмірде жетекші рөл атқарды. Осы тарихи жағдайда қыпшақ тілінде жазылған бірнеше трактаттар дүниеге келді, солардың ішінде әскери сипаттағы еңбектер аса құнды. Орта Азия мен Дешті Қыпшақтан әкелінген әскери құлдар кейіннен Мысыр мен Сириядағы саяси билікті қолына алды. Ғалым А.Әлібекұлының монографиясында зерттеушілердің мәмлүк тарихын шартты түрде бірнеше кезеңге бөледі деп көрсетеді: бахрилік мәмлүктер (1250-1381 жж.), бурхулық мәмлүктер (1381-1517 жж.), Бейіт кезеңі (1517-1811 жж.) және Мұхаммед Әли дәуіріндегі мәмлүктер [2, 15].

Ғалым Қ.Сәки еңбектерінде Мысыр мен Шам аймағындағы мәмлүк-қыпшақ әскери-әкімшілік жүйесінің тарихи маңызы айтылады. Қыпшақ текті мәмлүк әскербасылары тек әскери күш ғана емес, мемлекетті басқару ісінде шешуші рөл атқарған саяси элита болған. Мәмлүк мемлекетінің қуаты қыпшақ әскери дәстүріне, тәртіпке және кәсіби әскери дайындыққа негізделді. «Шабандоз», «ер», «батыр» ұғымдары тек жауынгерлік қабілетті емес, әлеуметтік мәртебе мен билік иесін білдірген. Қыпшақ тілі мен әскери терминологиясы мәмлүк мемлекетінде ресми әрі беделді тілдік қабат ретінде қызмет атқарған. Түркі-қыпшақ элементі Мысыр мен Шамдағы исламдық өркениеттің дамуына зор ықпал етті. Мысыр мен Шам аймағында қыпшақтардың саяси үстемдігі олардың әскери-аттылы (шабандоздық) дәстүрімен тікелей байланысты болғаны байқалады. Қыпшақ жастарының әскери салада әртүрлі мақсатта қолданылуына мәмлүк сұлтандары ерекше назар аударған. Шабандоз ұғымы атты әскерге бейімділігі жоғары, епті, шешім қабылдауда шапшаң, физикалық тұрғыдан төзімді әрі тактикалық ойлау қабілеті дамыған жауынгерді білдіреді. Мәмлүк мемлекетінің бастапқы кезеңінде әскери билік барынша орталықтандырылған сипатқа ие болды: сұлтан бір мезгілде әрі жоғарғы билеуші, әрі бас қолбасшы қызметін атқарды. Осыған сәйкес, әскерге қатысты негізгі шешімдер тікелей билеушінің құзыретінде шоғырланды [3, 6-7].

«Муниет ул-гузат» жәдігері мәмлүк кезеңіндегі қыпшақ тілінің тарихи-мәдени рөлін айқындап, тіл мен әскери дәстүрдің өзара сабақтастығын көрсететін аса маңызды жазба мұра ретінде бағаланады. Трактатта ұшырасатын әскери терминдер қазіргі қазақ тіліндегі баламаларымен сабақтас. Зерттеушілердің пікірінше, қолжазба Алтынбұға атты баһадүрге арналуы мүмкін. Шамамен 1446–1447 жылдар аралығында жазылған деген жорамал айтылады. Алайда бұл дерек нақты дәлелденбеген. Мысырдағы мәмлүк жауынгер-сарбаздардың әскери дайындығы айрықша қатаң болған. Жауынгерлер жасынан бастап атты

әскер өнеріне, қылыштасу мен найзаласу техникасына, әртүрлі қару түрлерін тиімді қолдануға баулынған. Осы үдерісте арнайы дайындалған әскери трактаттар маңызды рөл атқарған. Ғалым Ш.Әуелбекова атап өткендей, «Муниятул-гузат» сол кезеңдегі әскери тәжірибенің нақты жүйесін көрсететін, мәмлүк әскерінің төрт негізгі бағытын – атты әскер өнерін, мергендікті, қылыш қолдануды және соғыс жүргізудің өзге де әдістерін меңгертуді мақсат еткен құнды мұра. «Муниятул-гузат» - көне дәуірлерден жеткен әскери сипаттағы түркі тілдер тарихына қатысты бірегей жазба ескерткіштердің бірі. Бұл қолжазба мәмлүк-қыпшақ кезеңінің әскери, әлеуметтік және тілдік тарихын зерттеуде аса маңызды дерек көзі болып табылады. Араб графикасымен жазылған қолжазба «Муниятул-гузат» деп аталып, әскери өнерге, соғыс жүргізу тәсілдеріне, қару-жарақ атауларына және мұндағы қолданылу ерекшеліктеріне арналған. Зерттеушілердің пікірінше, қолжазба мәтіні араб тіліндегі фурусийя жанрының түркі нұсқаларымен өзара сабақтас. Бұл жанр әскери дайындық, атты әскерді үйрету, қару-жарақ түрлерін меңгеру, мергендік, шабандоздық сияқты бағыттарды қамтитын арнайы әскери-тәжірибелік әдебиетті білдіреді. Қолжазбаның түпнұсқасы да осындай мазмұндық құрылымға негізделгені анық [4,5-6]. Профессор М.Уғурлы мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған әскери істерді көрсететін сирек мұралардың бірі «Муниет-ул гузат» деп біледі. Мәтіні мен грамматикалық ерекшелігі жағынан қыпшақ тілінің негізгі сипатын танытады деп есептейді.

Ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштерінде кездесетін әскери лексиканың құрылымы мен мағыналық жүйесін айқындау мақсатында бірнеше өзара сабақтас лингвистикалық әдістер қолданылды. Негізгі әдіс ретінде лексика-семантикалық талдау пайдаланылды. Бұл әдіс әскери лексиканы семантикалық өрістерге жіктеуге мүмкіндік берді. Атап айтқанда, қару-жарақ атаулары, әскери құрылым мен бөлімдерге қатысты атаулар, тактикалық ұғымдар және рухани-әлеуметтік мазмұндағы лексемалар жеке тақырыптық топтар ретінде қарастырылды. Мұндай жіктеу әскери жүйенің көпқабатты сипатын, яғни оның тек материалдық құралдарға ғана емес, сонымен қатар моральдық-психологиялық дайындыққа да негізделгенін анықтауға жол ашты. Зерттеуде сондай-ақ когнитивтік-лингвистикалық әдіс қолданылды. Аталған тәсіл әскери лексика арқылы қалыптасқан «жауынгер» концептісінің мазмұнын ашуға мүмкіндік берді. Жазба ескерткіш мәтінінде «сарбаз» мағынасын беретін лексема «fārislık» сөзінің құрамында көрінеді. Мәтінде жиі кездесетін бұл сөздің «атты сарбаз» ұғымын білдіретінін байқадық. Аталған тәсіл әскери лексика арқылы қалыптасқан «жауынгер» концептісінің мазмұнын ашуға мүмкіндік берді. Bahādur, kādir, adet сияқты рухани-әлеуметтік лексемалар жауынгер тұлғасының тек қару қолдану шеберлігімен емес, мінез-құлқы, рухани төзімділігі жіне моральдық келбетімен сипатталғанын көрсетеді. Бұл әдіс әскери сананың тілдік көрінісін айқындауда маңызды рөл атқарады. Зерттеу барысында kılıç – қылыш, pauza – найза, bahādur – батыр сияқты бірқатар лексемалардың фонетикалық және семантикалық тұрғыдан қазіргі қазақ тілінде тұрақты сақталғаны анықталды. Бұл деректер әскери және рухани ұғымдардың түркі тілдік кеңістігінде тарихи жалғастық тапқанын дәлелдейді. Сонымен қатар, функционалдық семантикалық талдау әскери лексиканың мәтіндегі қызметін айқындау үшін қолданылды. Бұл тұрғыдан алғанда, рухани-әлеуметтік мазмұндағы лексемалар әскери тәртіпті реттейтін, жауынгер мінезін қалыптастыратын негізгі тілдік құрал ретінде танылды. Зерттеудің мәдени контекстін тереңірек ашу мақсатында мәдени-тарихи әдіс қолданылды. Аталған әдіс мәмлүк қоғамында әскери қызметтің әлеуметтік маңызын және жауынгер даярлығының физикалық машықпен қатар рухани-моральдық тәрбиені де қамтығанын көрсетуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

Мәмлүк мемлекетінің әскери ұйымында атты әскер негізгі әрі шешуші күш ретінде бағаланған. Осыған байланысты жылқыны күтіп-баптау, үйрету және соғысқа бейімдеу ісі

арнайы жүйеге айналып, кәсіби деңгейде дамыды. Атбегілік өнер мәмлүктер арасында тек шаруашылық тәжірибемен шектелмей, әскери дайындықтың құрамдас бөлігіне айналғаны байқалады. Жылқыны дұрыс таңдау, оны азықтандыру, күтіп-ұстау және шайқас алдындағы дайындық үдерістері белгілі ережелер бойынша қатаң қадағаланған. Әскери атбегілер жауынгер мен атты сәйкестендіріп, соғыс жағдайына барынша бейімдеуге назар аударған. «Муниет ул-гузат» трактатында ат әбзелдерін қолдану, ерттеу, шайқас кезінде жылқының шаршап қалмауы үшін қолданылатын тәсілдер нақты сипатталады. Бұл деректер мәмлүк қоғамында атбегілік өнердің әскери мәдениетпен біртұтас қарастырылғанын дәлелдейді. Қыпшақтан шыққан мәмлүк жауынгерлері жылқыға қатысты байырғы дала дәстүрін сақтап қана қоймай, оны Таяу Шығыс аймағында жалғастырды. Көшпелі түркілердің ежелгі атбегілік дәстүрлері – жүйрікті баптау, әскери жорықтарға арналған атты бөлек күтіп-ұстау, жарақат алған жылқыны емдеу тәжірибелері – мәмлүк ортасында кеңінен қолданыс тапты. Бұл үрдіс кейінгі араб және түркі халықтарының әскери тәжірибесіне елеулі ықпал еткенін көруге болады. «Муниет ул-гузат» (арабша: *Munyat al-ghuzāt* – «Жауынгерлерге тілек, көмекші») атты әскери трактат - мәмлүк қыпшақтарының әскери өмірі мен әскери мәдениетін айқын көрсететін маңызды жазба мұра. Оның негізгі мазмұны - әскерді ұйымдастыру, жауынгердің қару-жарағы, соғыс жүргізу тактикасы, әскери тәртіп пен рухани қағидалар. Ортағасырлық араб-мұсылман әскери мәдениетінде «фурусийа» жанры ерекше орын алды. Бұл жанр әскери өнердің, ат спортының, жылқы шаруашылығы мен жауынгерлік дайындықтың теориялық негіздерін жүйелеп берді. Оның мазмұнында атты әскердің жаттығулары, қару қолдану әдістері, соғыс тактикасы, сондай-ақ атбегілік пен ветеринарияға қатысты нақты мәліметтер қамтылды [5, 45-61].

Осы дәстүрдің жалғасы ретінде «Муниет ул-гузат» трактатын айтуға болады. Шығарманың құрылымы мен мазмұны фурусийа әдебиетімен үндес. Екі дәстүрдің тоғысуы мәмлүк қоғамындағы мәдени-әскери синтезді айқын көрсетеді. Фурусийа – араб әскери ойының жемісі болса, Муниет ул-гузат - қыпшақ тілінде жазылып, түркі әскери дәстүрін араб әлемімен ұштастырған ерекше еңбек. Демек, бұл трактат фурусийа жанрының қыпшақ ортасында жаңаша сипат алып, мәмлүк дәуірінде жаңа деңгейге көтерілгенін дәлелдейді. Ғалым С.Боранбаевтың еңбегінде жәдігерді аударған зерттеуші қолжазба құрылымын әскери дайындықтың жүйелі сатыларына сәйкес алты бөлімге бөліп қарастырғаны көрсетіледі. Жәдігер мәтіні мәмлүк жауынгерлерінің әскери даярлығын кезең-кезеңімен сипаттайтын алты бөлімнен тұрады. Онда ат үстіндегі машық, суық қару түрлерін қолдану және чевген ойыны арқылы әскери дайындық жүйесі көрініс табады. Аталған тарауларда жауынгерлердің ат үстіндегі машығы, суық қаруды қолдану тәсілдері мен әскери даярлықтың негізгі элементтері кешенді түрде сипатталған. Алғашқы «Атқа міну» бөлімінде жауынгердің ат үстінде тепе-теңдікті сақтауы, ерсіз атқа міну машығы, ер-тоқым мен үзеңгінің құрылымдық ерекшеліктері кеңінен түсіндіріледі. Сонымен қатар, атты басқару, шаптыру, кері жүргізу, сондай-ақ аттың бабын келтіру мен тынықтыруға қатысты тәсілдер баяндалады. «Сүңгі ұстау» бөлімінде Мундис-и Сағри, Шам, Хорасан, Дейлеми үлгілеріне тән найзаласу тәсілдері сипатталып, оларды жағдайға қарай алмастырып қолдану жолдары көрсетіледі. Жекпе-жекке дайындық, сүңгі түрлері мен олардың сапалық ерекшеліктері де осы тарауда қамтылған. Үшінші бөлім – «Қылыш қолдану» – қылыш түрлеріне арналған.

Мұнда иемендік, франктық және мысырлық қылыштардың айырмашылықтары, оларды алып жүру мен қолдану тәртібі, сондай-ақ қылыштасуға арналған әскери тәлім-тәрбие мәселелері қарастырылады. «Қалқан ұстау» бөлімі қолда бар нұсқада сақталмағанымен, еңбектің құрылымында жеке тарау ретінде көрсетілген. «Оқ ату» бөлімінде садақ пен оқты тиімді қолдану үшін ұзақ жаттығудың қажеттілігі атап өтіледі. Садақ дайындау тәсілдері, биік жерден және биікке қарай оқ ату, ат үстінен садақ тарту әдістері, сондай-ақ садақ пен оқ түрлері және оқ жасалатын ағаштар туралы мәліметтер

беріледі. Соңғы «Доп ұру» бөлімінде чевген ойынының жауынгерлерді соғысқа дайындаудағы маңызы айқындалады. Бұл ойындағы доп ұру тәсілдері, чевген таяқтарының саны мен түрлері, ойын алаңының көлемі және қатысушылар саны нақты сипатталады. Автор чевген ойынын әскери дайындықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде бағалайды [6, 20-24]. Жазба ескерткіштерде кездесетін әскери лексика лексика-семантикалық талдау нәтижесінде бірнеше тақырыптық топқа жіктеледі. Қару-жарақ атауларымен қатар рухани-әлеуметтік мазмұндағы лексемалардың берілуі әскери тәртіптің тек материалдық құралдарға емес, сонымен бірге моральдық-психологиялық дайындыққа да негізделгенін көрсетеді:

1. Қару-жарақ атаулары: *kılıç* – қылыш; *nayza* – найза; *süngü* – сүңгі; *kalkan* – қалқан. Бұл атаулар қазақ тілінде бүгінгі күнге дейін өзгеріссіз сақталған.

2. Әскери құрылым мен бөлімдер: *asker* – әскер; *kul* – құл (әскерге алынған сарбаз); *meidān* – майдан, *māidān*- алаң; *sap*– сап.

3. Тактикалық ұғымдар: *batalla*– жаудың әрекетін тойтару;

4. Рухани-әлеуметтік категориялар: *adet* – мінез; *kādir* – құдіретті; *bahādur*– батыр.

Когнитивтік-лингвистикалық талдау әскери лексика арқылы қалыптасқан жауынгер концептісінің рухани-әлеуметтік мазмұнмен толыққанын көрсетеді. Мұндай лексемалар жауынгердің мінез-құлқы мен моральдық келбетін айқындайтын ұғымдарды білдіреді. Тарихи-салыстырмалы талдау әскери лексиканың бірқатар бірліктерінің қазіргі қазақ тілінде фонетикалық және семантикалық тұрғыдан тұрақты сақталғанын дәлелдейді. Бұл әскери-рухани ұғымдардың түркі дүниетанымында үздіксіз жалғасқанын көрсетеді. Функционалдық-семантикалық тұрғыдан алғанда, рухани-әлеуметтік лексика әскери тәртіпті реттейтін, жауынгер мінезін қалыптастыратын негізгі құрал қызметін атқарған. Жазба ескерткіштерде кездесетін әскери лексиканы лексика-семантикалық және когнитивтік-лингвистикалық әдістер негізінде талдау нәтижесінде әскери тәртіптің көпқабатты сипаты айқындалады. Қару-жарақ, әскери құрылым, тактикалық ұғымдармен қатар рухани-әлеуметтік лексемалардың қолданылуы жауынгер даярлығының тек қару қолданумен шектелмей, моральдық-психологиялық дайындықты да қамтығанын көрсетеді. Мәмлүк қоғамында әскер - әлеуметтік лифт, рухани тәрбие әскери дайындықпен қатар жүрген. Мәдени-тарихи талдау мәмлүк әскери жүйесінде жауынгерді даярлау физикалық машықпен ғана шектелмей, рухани және моральдық тәрбиеге негізделгенін көрсетеді. Бұл категориялардан әскери тәртіптің тек қарумен емес, рухани дайындықпен де байланысты болғанын байқаймыз. Ғалымдардың тұжырымынша, «Муниет ул-гузаттағы» әскери лексика тек тілдік дерек емес, сонымен қатар түркі халықтарының ортақ әскери мәдениетінің айғағы. Қазақ тілінде сақталған әскери атаулардың басым бөлігі «Муниет ул-гузаттағы» терминдермен сәйкес келеді. Бұл сабақтастық: түркі халықтарының әскери мәдениетінің үздіксіздігін; қыпшақ тілінің қазақ тіліндегі тарихи негіз ретіндегі рөлін; қазақтың батырлық дәстүрі мен әскери тәжірибесінің ортағасырлық қыпшақ әскери мәдениетімен байланысын дәлелдейді

Профессор М.Уғурлы әзірлеген транскрипцияда *tizgin* лексемасы қазіргі түрік тіліндегі *dönmek* («айналу», «бұрылу», «қайту») етістігімен мәндес ретінде берілген. Қазақ тіліндегі *тізгіндеу* сөзінің де «бағытты өзгерту», «басқару», «бұрылту» сияқты семантикалық қырлары болуы осы тарихи үндестікті айғақтайды. Ал *tizgindür* формасы түрік тіліндегі *döndürmek*, *çevirmek* («бұру», «аудару») етістіктерімен мағыналас болып келеді. Мұндай параллельдер ортағасырлық жазба тілде басқару, бағдарлау, бағыттау әрекеттерін білдіретін етістіктер жүйесінің қалыптасқанын көрсетеді [7, 7-10].

Нәтижелер мен талқылау

Салыстырмалы-тарихи талдау ортағасырлық қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі әскери лексиканың тек қару-жарақ атаулары мен әскери құрылым элементтерін ғана емес,

сонымен қатар түркі қоғамының әлеуметтік ұйымы мен әскери-этникалық болмысын айқындайтын маңызды этномәдени дерек көзі екенін анықтауға мүмкіндік береді. Көне атаулардың семантикасын қазіргі қазақ және өзге қыпшақ тілдеріндегі қолданыстарымен салыстыру олардың бойындағы мәдени-символдық мағыналардың қандай деңгейде сақталғанын көрсетеді.

Қазақ тілінің әскери лексика мәселесін арнайы қарастырған ғалым Т.Байжанов жауынгерлік қару-жарақ атауларының ежелгі тарихи негіздерін айқындай отырып, олардың этномәдени мазмұнына да назар аударады. Зерттеушінің пайымдауынша, қазақ халқының жауынгерлік өмір салтында кең қолданыста болған садақ пен оқ атауларының түп-төркіні терең дәуірлерден бастау алады. Ол көне дәуір адамдарының аңшылық тәжірибесіне сүйене отырып жасаған алғашқы қарулары кейінгі әскери құралдардың дамуына тікелей әсер еткенін атап көрсетеді. Алғашқы жебе ұштарының шапқылық қасиеті жоғары шақпақ тастан жасалғанын, кейінірек металл өңдеу технологиясының жетілуі нәтижесінде мыс, қола, темірден жасалған жебелердің пайда болғанын көрсетеді. Бұл материалдық жаңалықтар қару сапасын жақсартып, әскери құралдардың жетіле түсуіне ықпал еткенін автор археологиялық деректер арқылы дәлелдейді [8, 5–6]. Көне қыпшақ әскери жүйесіне қатысты лексемаларда жауынгерлік дәстүрдің, әскердің әлеуметтік жіктелуінің және әскери қызметтің ұйымдық құрылымының көріністері байқалады. Мәселен, *asker*, *bahādur*, *yaуa*, *suvaḡi* сияқты атаулар жауынгердің қоғамдағы мәртебесін, әскери міндетін және соғыс тәсілдерін сипаттайды. Бұл лексемалар ортағасырлық мәтіндерде тек номинативтік қызмет атқарып қана қоймай, әлеуметтік стратификацияны білдіретін мәдени белгі ретінде көрінеді.

Қару-жарақ атауларында этнографиялық сипат айқын байқалады. *Kılıç*, *paуza*, *kalkan* тәрізді сөздер әскери құралдың формасын, жасалу технологиясын ғана емес, оның батырлық символикасымен байланысын да бейнелейді. Қылыш пен найза жауынгердің мәртебесін, ерлік идеясын білдіретін этномәдени рәміз ретінде танылады. Бұл мағына қазіргі қазақ дүниетанымында да сақталған: қылыш серті, найзаның ұшы, қылыштың жүзі тәрізді фразеологизмдер архаикалық мәдени кодтың жалғастығын көрсетеді. Әскери атаулардың бірқатары этномәдени дүниетанымдағы тұрақты таңбаларға айналған. Мысалы, *tu* (ту), *baйraқ* (байрақ) сөздері ортағасырлық жазбаларда әскердің шоғырлану нүктесін білдірсе, қазіргі этнографиялық және тілдік қолданыста ұлттық бірегейліктің, рухани тұтастықтың символына айналған. Сол сияқты *ordu* сөзі бастапқыда «әскер», «әскери лагерь» мағынасында қолданылып, кейіннен мәндік өрісі кеңейіп, қазіргі қазақ тілінде «мемлекеттік орталық», «билік орны» ұғымдарын білдіретін саяси-әкімшілік атауға айналған. Әскери лексикадағы көптеген сөздер өздерінің бастапқы заттық мағынасын сақтаумен қатар, этномәдени коннотацияларын да қазіргі тілдік жүйеге жеткізген. Ескерткіштердегі атауларды қазіргі қазақ және өзге қыпшақ тілдерімен салыстырмалы талдау этномәдени кодтың салыстырмалы түрде тұрақты екенін, әскери ұғымдардың рухани-символдық қызметінің үзілмегенін дәлелдейді. Мәмлүк-қыпшақ жазбаларында ұшырасатын *ṣān* (*шен*, *атақ*), *niṣān* (*нысана*), *tertīb* (*тәртіп*), *heybet* (*айбат*), *el* (*тапан*, *жақ*, *қол*), *qol* (*бағыт*, *қол*), *fermān* (*нәрмен*, *әмір*), *buуruқ* (*бұйрық*), *batalla* (*жауға тойтарыс беру*, *батальон*), *beуān* (*баяндау*) сияқты лексемалар қазіргі қазақ тіліндегі әскери, әлеуметтік және әкімшілік терминдердің негізін құрайды. Бұл сөздердің басым бөлігі фонетикалық (*niṣān* → *нысана*, *tertīb* → *тәртіп*, *buуruқ* → *бұйрық*) және семантикалық тұрғыдан өзгеріссіз сақталған.

Тарихи әскери лексиканың жалғастығын дәлелдейтін нақты тілдік деректердің бірі – найза ұстау, қылыш соғу, сап түзеу тәрізді тіркестердің қазіргі қазақ тілінде де қолданыста болуы. Бұл тіркестердің түп-төркіні ортағасырлық түркі жауынгерлік дәстүрінен бастау алады. «Муниет ул-гузат» трактатында кездесетін әскери терминдер мен әрекет атаулары дәл осындай мазмұндық-мағыналық құрылымда беріліп, әскери дайындық пен соғыс

тактикасының нақты көріністерін сипаттайды.

Қазақ батырлық эпостарында қару-жарақ атаулары батыр образының тұрақты поэтикалық атрибуты болып табылады. «Қарағай найза сапатақты. Алмас қылыш соқтырып, Күмістен қынын шақтатты...»[9,38]. Бұл жолдардан батырлық жырларда қаһарманның әскери әлеуетінің, ерлікке дайындықтың тұрақты формулалық көрінісі. Найза мен қылыштың сапасы (қарағай, алмас) - Қобыландының әскери элитаға тән батыр екенін дәлелдейді. Эпоста бұл қарулар батырдың әлеуметтік рангі мен мәртебесін білдіретін атрибуттар. Тарихи эпостарда батырдың найзасын көкке көтеруі, қылышын сермеуі, қалың қолдың сап түзеуі тұрақты көркем бейнелеу тәсіліне айналған. Сүнгі – түркі жауынгерлік мәдениетінің көне терминдерінің бірі. Оның мағыналық жүйесі түйреу, шаншу, шабуыл жасау семаларына негізделген. Қазіргі қазақ тілінде бұл сөз метафоралық мәнде де (ойға сүнгіді, көңілге сүнгі салу) қолданылады, бұл тарихи түбірдің сақталғанын көрсетеді. Сол сияқты оқ лексемасы нақты әскери мағынада қару-жарақ атауы ретінде ғана емес, метафоралық мәнде де (оқтай зулау, оқша ату), сондай-ақ тұрақты тіркестер құрамында (оқтай кезену, оқтай тізілу) қолданылады. Бұл оның семантикалық дамуының кең болғанын айғақтайды. Жауынгерлік лексиканың ғасырлар бойы ауыз әдебиеті мен жазба мұралар арқылы үзілмей берілуі түркі халықтарының тарихи жадының тіл арқылы сақталғанын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, «Муниет ул-гузат» тек әскери трактат қана емес, сонымен қатар түркі халықтарының ортақ тарихи жадын және мәдени кодын сақтаған маңызды жазба мұра ретінде бағаланады.

Қорытынды

«Муниет ул-гузат» жазба ескерткішінде әскери дайындыққа қатысты бірқатар лексемалар мен тіркестер жүйелі түрде берілген. Ескерткіштегі мәтіннің сөзбе-сөз аудармасы тұлпарды баптау, шабандоздық дағдылар, әскери машықтарды үйрету тәсілдері сияқты нақты әрекеттерді сипаттайды. Мұнда әскери лексиканың көне қабаты айқын көрінеді. Жәдігер мәтінде «атқа міну өнері», «қылыш сермеу», «сап түзеу», «атты сарбаздың қозғалысы», «ат үстінде мықты отыру», «жаралы болу», «жауға қарсы шабу» тәрізді тіркестер әскери даярлықты сипаттайтын тұрақты терминдер қатарын құрайды. Бұлардың көпшілігі бүгінгі қазақ тіліндегі әскери лексикада да сақталған. Мәселен, атқа міну, сап түзеу, қылыш сермеу тәрізді тіркестер батырлар жырында да, қазіргі әскери тілде де қолданылады. Жауынгердің кәсіби қасиеттерін сипаттайтын төмендегідей әрекет атаулары кездеседі: атқа міну, жылдам қимылдау – тактикалық маневр жасау қабілетін білдіреді; ат үстінде мықты отыру, қозғалмай тік отыру – шабандоз тұрақтылығын көрсетеді; қарсыласпен шайқасу, ұру, соғу – тікелей әскери қақтығысты бейнелейді; ат үстіндегі қозғалыс, жетелеу, бұрылу – командалық басқару дағдыларын көрсететін көне етістіктер жүйесіне жатады. Бұл лексикалық бірліктердің барлығы ортағасырлық әскери мәдениеттің дәл әрі нақты тілдік көрінісі болып табылады. Әсіресе ат үстіндегі әрекеттерді суреттейтін етістіктер жүйесі – көне түркілердің соғыс тактикасымен тікелей байланысты. Жазба ескерткіште берілген әскери лексика жүйесінің тек тарихи құжат ретінде емес, сонымен бірге қазақтың дәстүрлі жауынгерлік мәдениетінің тілдік жалғастығы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Жазба ескерткіштегі әскери іс-әрекет атаулары – қазіргі қазақ тіліндегі әскери терминдердің бастау көзі. Бұл – әскери лексиканың ғасырлар бойы үзілмей сақталғанын және оның семантикалық құрылымы өзгермей жеткенін дәлелдейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сәки Қ.Ұ. Мәмлүктер (соғыс өнері). Астана. Фолиант, 2015. 152 б.
2. Әлібекұлы А. Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиеті: (дамуы, әдеби өкілдері, өлең өлшемі). Монография. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. Алматы: Арда, 2008.

3. Сәки Қ. Ер қаруы - бес қару. Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. 160 б.
4. Ауелбекова Ш.Е. «Мүниятүл ғұзат» - қаһармандық дәстүр мұрасы. Монография: Ш.Е.Ауелбекова. Алматы. Таңбалы, 2017. 328 б.
5. Батырбекова К.А., Боранбаев С.Р., Халикова Н.С. Мәмлүк қыпшақтары тілінде жазылған жазба ескерткіштер және «Байтарату'л-вазих» қолжазбасының маңызы. //Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2024. №4(149) б. 45-61
6. Боранбаев С.Р., Тулебаев К.Т. Соғыс өнеріне байланысты түркі тілінде жазылған ортағасырлық дереккөз. Архив хабаршысы. Нұр-Сұлтан. №1-2. 2021. 20-24 б.
7. M.Uğurlu. Muniyetu'l-guzât. Ankara, 1987. 323 б.
8. Байжанов Т. Қазақ тіліндегі әскери лексика. - Алматы: Рауан, 1991, - 103 б.
9. Батырлар жыры. Алматы, Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. -1963,-736 б.
10. Сабыр М. Қыпшақтану. Алматы: «Liber» баспасы, 2021. 256 б.
11. Айдаров Ғ., Томанов М., Құрышжанов Ә. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі: университет пен педагогтық институттардың филология факультеттеріне арналған оқу құралы. Алматы. Мектеп, 1971. 272 б.
12. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздіктері; топтама.; [авт. ұжым: С. Б. Тоқпақбаев [ж.б.]; ҚР мәдениет және ақпарат министрлігі... Алматы. Мектеп, 2007. 448 б.
13. Тарихи жырлар. 1-кітап. Алматы. Атамұра, 2023. 144 б.

References list:

1. Sakıı Q.U. Mämlükter (soğıs öneri). Astana: Foliant, 2015. 152 b.
2. Alibekuly A. Mamlukter biligi kezingdegi turki-qypshaq adebieti: (damuy, adebi okilderi, olen olshemi): monografiya. M.O. Auezov atyndagy Adebiet zhane oner instituty. Almaty: Arda, 2008.
3. Säki Q. Er qarui - bes qaru. Nur-sultan: Foliant, 2020. 160 b.
4. Auelbekova Sh.E. «Muniatul guzat» - qaharmandyq dastur murasy. Monografiya / Sh.E. Auelbekova. Almaty: «Tanbaly», 2017. 328 b.
5. Batyrbekova K.A., Boranbaev S.R., Khalikova N.S.. Mamluk qypshaqtary tilinde zhazylgan zhazba eskertkishter zhane «Baitaratu'l-vazikh» qolzhazbasynyn manyzy. // L.N. Gumilev atyndagy ENU Khabarshysy. Filologiya seriyasy. 2024. No. 4(149). b. 45-61.
6. Boranbaev S., Tulebaev K.T.. Sogys onerine bailanysty turki tilinde zhazylgan ortagasyrluq derekkoz. Arkhiv khabarshysy. Nur-Sultan q. No. 1-2. 2021. b. 20-24.
7. M. Uğurlu. Muniyetu'l-guzât. Ankara, 1987. 323 b.
8. Baizhanov T. Qazaq tilindegi askeri leksika. Almaty: Rauan, 1991. 103 b.
9. Batırlar jırı. Almatı, Qazaqtıń memlekettik körkem ädebiet baspası. 1963, 736 b.
10. Sabyr M. Qypshaqtanu. – Almaty: «Liber» baspasy, 2021. 256 b.
11. G.Aidarov, M. Tomanov, A. Qurishzhanov. Kone turki zhazba eskertkishterinin tili: universitet pen pedagogtyq instituttardyn filologiya fakultetterine arналған оқу quraly. Almaty: Mektep, 1971. 272 b.
12. Qazaq tili terminderinin salalyq gylymi tusindirme sozdikteri; toptama / [avt. uzhyım: S.B. Toqpacbaev [zh.b.]]; QR madeniet zhane aqparat ministrлігі... Almaty: Mektep, 2007. 448 b.
13. [https://kitap.kz/book/1955/read#epubcfi\(/6/2\[id1\]!/4/1422/1:0\)](https://kitap.kz/book/1955/read#epubcfi(/6/2[id1]!/4/1422/1:0))
14. Tarihi zhyrlary. 1-kitap. Almaty: Atamura, 2023. 144 b.

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Байменова Сауле Сулейменовна** - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының 2 курс докторанты, 8-777-532-77-85, saule.baimen78@gmail.com